


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Нехемияның ұлы қабырғасы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Күшті ұлт – парсылар әлемді билеп тұрды.
Ал Персияны Артаксерікс басқарып тұрды.
Бұл оны әлемдегі ең күшті әмірші етті.
Патшаның ең маңызды көмекшілерінің бірі
Нехемия есімді еврей
болды. Оның жұмысы
патшаны оқыстан
уланып қалудан қорғау
үшін патшаның асының
дәмін көру болды.



2

Бір күні Нехемия патшаның алдына өте көңілсіз боп келді. Патша одан не болғанын білгісі келді. «Уа, патшам, көп жасаңыз», – деді Нехемия. – Менің көңілсіздігімнің себебі, менің ата-бабаларым

жерленген қала қирап жатыр, қақпалары өртенген». Нехемия көп жылдар бұрын соғыс кезінде қираған Иерусалим жайлы айтты.




3

Артаксерікс патша: «Сен не қалайсың?» – деп сұрады. «Мен оны қалпына келтіре алуым үшін Иерусалимге баруыма рұқсат берсеңіз екен», – деп жалынды Нехемия. Артаксерікс патша жылы шыраймен келісім берді. Ол, сондай-ақ, Нехемияға сапар кезінде оны қорғау үшін ресми хат та жазып берді.



4

Патша одан да асырып көмек берді. Ол Нехемияға патшаның орманын күзететін Асафқа арналған хат жазып берді. Асафқа қала қабырғаларының құрылысы үшін Нехемия сұраған ағаштың бәрін беру бұйырылды.



5

Нехемия Иерусалимге келген кезде, ол қала басшыларын шақырып алып: «Біздің жағдайымыз қиын. Қала қирап жатыр, қақпалары болса өртелген. Кәне, қалпына келтіруді бастайық», – деді. Ол оларға Артаксерікс патшаның мұны қолдағанын, ал ең бастысы, Құдайдың өздерінің жақтарында екенін айтты.




6

Нехемияның сенімі мен құлшынысы адамдарды шабыттандырған болса керек. Олар: «Қалпына келтірейік», – деп келісті. Нехемия әр отбасына қабырғаның қай бөлігін жөндеуге тиісті екендерін айтты.



7

Бірақ қабырғаны қайта салуға барлығы бірдей келіспеді. Санбаллат деген адам мен оның екі досы Тобиях пен Гешем еврей емес болатын, солар қабырғаның қалпына келуіне немесе қақпаның жөнделуіне қарсы болды.



8

Жұмыс жалғасқан сайын Санбаллат ашулана түсті. Ол өзінің достарымен бірге еврейлерді қорлады. Тобиях: «Олар осы аянышты қабырғаны салып біткен кезде, бір кішкентай түлкі оны құлата салады», – деді. Нехемия жауап бермеді. Оның орнына ол Құдайдың Өзі оларды сабаларына



түсіруін сұрап сиынды.

9

Өздерінің келемеждеп қорлаулары ешқандай әсер бермеген соң, олар Иерусалимге қарсы соғысып, барынша көп зардап шеккізу үшін қастандық ұйымдастырды.



10

Нехемия тағы да Құдайдан көмек сұрап сиынды. Ол, сондай-ақ, өздерін аңдаусызда бас салмасын деп күндіз де, түнде де күзет қойды.



11

Еврейлер ынтамен жұмыс істегендері соншалық, шаршай бастады. Кейбіреулері жау келіп, өздері жұмыс істеп жатқан кезде, өздерін өлтіріп кете ме деп қорықты. Алайда Нехемия жұмысты тоқтатпады. Ол жұмысшыларды қарауылмен қоршап, оларға Құдайдың солардың жағында екенін ескертті, ал Құдай кез-келген жаудан құдіретті!



12

Нехемия жақсы үлгі болуға тырысты. Артаксерік патша оны Иерусалимнің әкімі етіп тағайындады, бұл лауазымы оған халықтан тамақ пен ақша талап ете алатын құқық беретін, алайда ол оны істемеді. Ол адамдар қабырғаны қалпына келтіріп жатқан



кезде, олармен бірге бар күшімен жұмыс істеді. Ол тамақ сатып алу үшін өз ақшасын пайдаланды.

13

Ақырында адамдар қабырғаны аяқтады, ал негізгі қақпаға тек есік қана қою керек болатын. Санбаллат, Тобиях пен Гешем қабырғада енді ешқандай тесік жоқ екенін естіген кезде, олар Нехемияға зиян шектірмек болды.



14

Олар Нехемияға хат жіберіп, Оно деген жерде кездесуге шақырды. Бірақ Нехемия олардың өтірік алдап, өзін қаладан шығарып алмақ екендерін, солайша өзіне жамандық жасамақ екендерін білді. Ол соларға бару үшін жұмысын тастап кетпейтінін айтып жауап жазды.



15

Қабырға ақырында аяқталып, Нехемия оны қорғау үшін күзетші қойды. Ол, сондай-ақ, күн шықпайынша қақпалар ашылмауы керек деген ереже бекітті. Түні бойы олар



жабылып, тиектері бекітілуге тиіс.

16

Енді қала қауіпсіздікте тұрған кезде, еврейлердің көптеген босқындары әлемнің әр жерінен Иерусалимге қайтып келді. Нехемия барлық кедергілерге қарамастан, өзіне Құдай тапсырған жұмысты аяқтағанына қатты қуанған шығар. Ол Иерусалимде қалып, адамдарға әрдайым Құдайға бағынуға көмектесті.



17

Нехемияның ұлы қабырғасы

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Нехемия

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

35



60

19